

# **СӨЖ**

## **Құқық нормасы және нормативтік бұйрық**

**Орындаған: Қартбаева Ж.Қ**

**Тексерген: Байтерекова К.Б**

## ҚР «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы

- **құқық нормасы** – реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы;
- **құқықтық акт** – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті органдар қабылдаған, құқық нормаларын немесе жеке-дара билік ететін құқықтық нұсқамаларды қамтитын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат;
- **нұсқаулық** – қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында заңнаманың қолданылуын тиянақтайтын нормативтік құқықтық акт
- **нормативтік емес құқықтық акт** – құқық нормаларын қамтымайтын, уәкілетті орган өз құзыреті шегінде шығарған (қабылдаған), жеке-дара айқындалған тұлғалардың заңнамада белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын не нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме беретін жазбаша ресми құжат, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы құқықтық актілер;
- **нормативтік құқықтық акт** – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, өзгертетін, толықтыратын, олардың қолданысын тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы, қағаз жеткізгіштегі жазбаша ресми құжат және сонымен бірдей электрондық құжат


# ҚҰҚЫҚ САЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ИНСТИТУТТАРЫ

Құқық саласы, бұл – қоғамдық қатынастардың сапалы түрде біртекті тобын өзіне тиесілі ерекше құқықтық реттеу әдісі арқылы реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы болып келетін құқықтық жүйенің бір бөлігі. Сонымен әрбір құқық саласы өзгелерден айрықша нысанасымен және құқықтық реттеу әдісімен ерекшеленеді.



## Қылмыстық заңнама

**Қылмыстық заңнама** – қылмыстық құқық нормаларын реттейтін құқықтық-нормативтік актілер жиынтығы. Ол тек қана **“Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен”** тұрады. Онда қылмыстық жауапкершіліктің және жаза қолданудың шектерін айқындайтын нормалар белгіленген; қылмыстық іс жүргізу заңнамасы – қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін құқықтық-нормативтік акт.



## ҚР Нормативтік құқықтық актілер туралы заңынан. 1-бабының 3-тармағы

- **Құқық нормасы (құқықтық норма) -**

- Нормативтік құқықтық актіде тұжырымдалған, көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі

# Құқықтық норманың құндылығы

- құқықтық нормалар қоғамды реттеп басқарудың құралы, сол арқылы адамдардың, заңды тұлғалардың қарым-қатынастарына дұрыс бағыт беріп отырады;
- құқықтық нормалар қоғамның дамуына пайдалы қатынастарды қолдап, қолайсыздарын қысқартып, экономикалық, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына мүмкіншілік жасап отырады;
- құқықтық нормалар қоғамда әділеттікті, теңдікті, бостандықты т.б. демократиялық қағидаларды қалыптастырады;
- құқықтық нормалар халықаралық, мемлекетаралық байланысты, қатынасты жақсартудың құралы;

Құқықтық норманың ерекшелігін оның белгілері анықтайды.

1. Норма мемлекеттік органның қабылдаған бекіткен актісі, оның заңды күші бар. Мұндай нормалар қағамдағы тәртіптің үлесіне айналады. Өткені, ол нормаларды халықтың басым көпшілігі дұрыс орындайды.
2. Нормада субъектілердің құқығы мен міндеттері, орындалу жолдары толық көрсетіледі.
3. Норма ерікті түрде орындалмаса, еріксіз орындатылуы.
4. Құқықтық нормалардың жүзеге асырылуын, орындалуын мемлекет қамтамасыз етеді.
5. Құқықтық норма адамдардың, қоғамның тәртібінің кепілдігі болуы.

# Құқықтық нормалар

Саяси жүйеде оған кіретін ұйымдардың қызметі және өзара қызметі *әлеуметтік-саяси нормалармен, құқық нормалармен* реттеледі. Осы нормалар жүйесінде құқық ерекше орынға ие, ол барлық қоғамдық қатынастардың басты нормативтік реттеушісі. Қазіргі кезде саяси жүйенің әрекет етуінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен маңызы артты.



# Құқық нормаларының белгілері

- **Жалпыға міндеттілігі-** ■ Ол адамдардың мүмкін және міндетті әрекеттеріне қатысты мемлекеттің биліктік ережелерін білдіреді;
- **Формальды анықтылығы** ■ Ол жазбаша түрде ресми құжаттарда көрініс табады;
- **Мемлекетпен байланысы** ■ Оны мемлекеттік органдар орнықтырады және мемлекеттік әсер ету шараларымен қамтамасыз етіледі;
- **Ұсынушылық- міндеттемелік сипат-** ■ Ол бір субъектілерге құқықтар берсе, келесі субъектілерге міндеттер жүктейді, себебі құқық міндетсіз, ал міндетті құқықсыз жүзеге асыру мүмкін емес.



## Құқықтық норманың құрылымы


- Қисынды мағынамен оның ішкі мазмұнының элементтерін айқындап көрсету

# ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАНЫҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМЫ



## Құқықтық норманың гипотезасы

- құқықтық норманы қолдану (немесе қолданбау) үшін қажетті өмірдегі мән-жайлардың бар екенін көрсететін құқықтық норманың бөлшегі.





## Гипотезаның үш түрі болады:


- - егерде норманың іс-әрекеті бір жағдайдың болуы немесе болмауымен байланысты болса, мұндай гипотезаны жай деп атайды;
- - егерде құқықтық норманы қолдану үшін екі, одан да көп мән-жайлар қажет болса, ондай гипотезаны күрделі дейді.
- - егер құқықтық норманың қолданылуы бірнеше мән-жайдың біреуіне байланысты болса, оны балама (альтернативті) гипотеза деп атайды.





## Құқықтық норманың диспозициясы

Құқықтық қатынасқа қатысушылардың мінез-құлқы қандай болу керек екенін анықтайтын құқықтық норманың бөлшегі.



## Диспозицияның үш түрі болады:

- - жай немесе жалпылама диспозиция – нормада субъектілердің құқығы мен міндеттері айқын көрсетілмейді;
- - айқын түрі - диспозицияның мазмұны нормада анық көрсетіледі.
- - сілтеме түрі – диспозицияның мазмұны туралы басқа нормаға сілтеу жасалады.

# Құқықтық норманың санкциясы

- Диспозиция бұзылған жағдайда қолданылатын жағымсыз шараны көрсететін құқықтық норманың бөлшегі.



## Санкцияның үш түрі болады:

- абсолютті айқын санкция;
- салыстырмалы айқын;
- альтернативтік санкция.

# Нормативтік-құқықтық акт

- Референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

# Нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлері

1. Конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар;
2. ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлықтары; ҚР Президентінің Заң күші бар Жарлықтары; ҚР Президентінің өзге де нормативтік Жарлықтары;
3. ҚР Парламенті мен оның палаталарының нормативтік қаулылары;
4. ҚР Үкіметінің нормативтік қаулылары;
5. ҚР Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының және ҚР Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары;
6. ҚР министрлері мен өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік бұйрықтары;
7. Мемлекеттік комитеттердің нормативтік қаулылары, өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік қаулылары;
8. Мәслихаттар мен әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері.



# БҰЙРЫ

**Бұйры** – қандай да бір міндеттерді (өндірістік немесе жеке құрам бойынша) шешу үшін мекеме басшысы шығаратын өкімдік құжаттардың бірі.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША БҰЙРЫҚ -

кәсіпорын жұмысын ұйымдастыру, қаржыландыру, жоспарлау, өнімді өткізу сияқты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған бұйрықтар.

## ЖЕКЕ ҚҰРАМ БОЙЫНША БҰЙРЫҚ -

азаматтарды жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру сияқты мәселелерді шешуге бағытталған бұйрықтар.

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**

